

2022-2023 оқу жылы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 3 сәуір 2023 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын нығайтуда дамытушы ортаның ықпалы»

Мақсаты: Заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру және денсаулық сақтау технологиясын тиімді пайдалану.

Төрайымы: Шарипова.А.Т

Хатшысы: Базарбай.А.Т

Барлық педагогтар саны:

Қатысқан педагогтар саны:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтарды аттестаттауды өткізу қағидалары және шарттары. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
2. Балалардың физикалық дамуындағы дамытушы ортаның маңызы.
3. Тренинг. «Денсаулық сақтау технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастырылған әрекеттерге енгізу»

1.ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын сегізінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі 2022-2023 оқу жылына аттестаттау комиссиясына құрамын сайлап, бекіту керектігін айтты. Сайланған комиссия құрамы жаңа форматта аттестатталушы педагог қызметкерлер мен оларға кеңестірілген тұлғалардың жұмыс барысын бақылап, портфолио жүйесінің дұрыс жасалуын қадағалайтынын айтты.

Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салуларын сұрады.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер Л.Бекиева

Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып, директор А. Шарипова, орынбасары болып әдіскер Л.Бекиева, Мүшелері: тәрбиешілер Г.Кенганова, Г.Сапарова, А.Кошанова, ал хатшысы ретінде А.Базарбай ұсынатынын айта отырып, педагогтарды аттестаттауды өткізу қағидалары және шарттарымен таныстырды.

Педагогтар әдіскердің ұсынысын қолдай отырып, аталған тәрбиешілерге қарсылық білдірмейтіндігін айтты. Қатысушылар бір ауыздан ұсынысты қолдап, қарсылық білдірмейтіндіктерін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Аттестаттау комиссиясының хатшысы болып А.Базарбай сайлансын. Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып А. Шарипова, төрайымының орынбасары Л.Бекиева, мүшелері болып Г.Кенганова, Г.Сапарова, А.Кошанова, сайлансын.
2. Коммисия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе «Заттық-кеңістіктік дамытушы орта» балабақша үшін маңызды мәселе болғандықтан биылғы жылғы нұсқау хатта да басым көрсетілгені айтылды. Онда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдаланады. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтарымен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы ортамыналарды қамтамасыз етеді:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерініске асыруды;
- Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда—оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбиелік қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар көрсетілді. Олар: қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; көп атқарымды; өзгермелі; тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптардың сақталуы керектігі ескертілді.

кіші топта:

танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

1) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдармен ойыншықтар, театрландырылған ойынға

арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

2) Ересек және мектепалды даярлық топтарында сыныптарында):

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттермен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылды.

Мектепке дейінгі ұйымдармен мектеп алды даярлық сыныптарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылды.

ШЕШІМ:

1. Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы орта жабдықталып, жұмысы жандандырылсын.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша балабақша дене тәрбиесі маманы А. Суханова «Денсаулық сақтау технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастырылған әрекеттерге енгізу» тақырыбы бойынша тренинг өткізді.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада денсаулық сақтау технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастырылған әрекеттерге енгізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

А. Шарипова

Хатшы:

А. Базарбай



«Айкөркем» отбасылық үлгідегі бөбекжайы

№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 3 сәуір 2023 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын нығайтуда дамытушы ортаның ықпалы»